



«САНҒАУ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Мектепке дейінгі ұйымда оқытудың әдістемесі (Әдістемелік құрал)

Джумаева Асель Турганбаевна,
Илюбаева Бақыт Бисенбаевна



АҚТӨБЕ - 2020



«Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы

**Мектепке дейінгі ұйымда оқытудың әдістемесі
(Әдістемелік құрал)**

Тексерілді,
қолмақта,
2020. Октябрь

Ақтобе қаласы, 2020 жыл

«Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы жөнінде қарастырылып, баспаға ұсынылды.

Құрастырушы:

Джумаева Асель Тұрғанбаевна мен Илובהва Бакыт Бисенбаевна -
Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Жаксымай селолық округі «Айгөлек» МДҰ
тәрбиешілері

Пісір жазғандар:

Г. А. Такишева-К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті Үздіксіз білім беру институтының директоры, п.ғ.к., доцент
Б.Ж.Мустафин - "Самғау" Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының
ғылыми кеңестің мүшесі, п.ғ.м

Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалардың қоғамдық өмірінде ерекше түрі, олардың қалауы бойынша біріктіретін, өз бетінше әрекет ететін, өзінің ойларын жүзеге асыратын, әлемді танытын әрекетінің негізгі түрі болып табылады. Ойын әрекеті әрбір баланың физикалық және психологиялық дамуына, адамгершілік-жігерлі қасиеттерді, шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Ойын – балалардың тіршілік әрекетінің негізгі түрі ретінде қаруға болатын, қайталанатын құбылыс.

Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалардың қоғамдық өмірінің ерекше түрі, олардың қалауы бойынша біріктіретін, өз бетінше әрекет ететін, өзінің ойларын жүзеге асыратын, әлемді танытын әрекетінің негізгі түрі болып табылады. Ойын әрекеті әрбір баланың физикалық және психологиялық дамуына, адамгершілік-жігерлі қасиеттерді, шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Ойын – балалардың тіршілік әрекетінің негізгі түрі ретінде қаруға болатын, қайталанатын құбылыс.

Бағдарламада балалардың жастарын ескере отырып, сюжетті-рөлдік, дидактикалық, қимылды ойындар, драмалық ойындар, өз бетінше ойындар, сондай-ақ заттарды алмастыратын ойыншықтармен және ойын қимылдарымен барлық ойын түрлерін дамыту мен қолдану әдістері анықталған. Барлық ойын түрлері танымдық, шығармашылық әрекетті және балалардың әлеуметтенуін ұйымдастыруда кеңінен қолданылады.

Еңбек әрекетін ұйымдастыру

Еңбек әрекеті - мектепке дейінгі тәрбиенің құрамдас бөлігі, еңбек дағдыларын қалыптастырудың негізі, тұлға аралық қарым-қатынас мәдениетін дамытудың маңызды құралы болып табылады. Бағдарламада балалардың жас мүмкіндіктерін ескеріп еңбексүйгіштікті, ересектердің еңбегіне қызығушылықты дамыту, еңбек етуге ынталану, табиғат бұрышындағы жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасаудың қарапайым еңбек әрекеттері дағдыларына тәрбиелеу міндеттері қойылған.

Балаларды еңбектің қоғамдық бағытының рөлімен, оның әлеуметтік маңыздылығымен таныстыруға, еңбек аламдарына сыйластық қарым-қатынас қалыптастыруға, қоршаған ортадағы заттар адамның қолымен жасалғанын сезінуге және оларға ұқыптылықпен қарауға басымдық берілген.

Қүтілетін нәтижелер жас ерекшелік кезеңдеріне сәйкес, аталған жастың балаларының тіршілік әрекетінде қолданатын, нәтижесінде білім, білік, дағдыларының деңгейлері анықталатын білім беру салалары мазмұнын меңгеруді қарастырады.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Әрбір жасқа арналған әдістемелік жұмыстың бөлімдерінде білім беру салаларының мазмұны және балалардың бағдарлама мазмұнын игерудегі жоспарланған күтілетін нәтиже ашылған.

Білім беру қызметі балаларға шамадан тыс салмақ салмай, тәрбиелік, дамытушылық, білімдік максаттар мен міндеттердің бірлігін қамтамасыз етуі тиіс.

Сонымен бірге бағдарламалық білім беру міндеттерін шешу тек қана ұйымдастырылған оқу қызметінің көлемінде ғана емес, сондай-ақ режимдік сәттерді өткізу кезінде де ересек пен балалардың бірлескен әрекеті ретінде және мектеп жасына дейінгі балалардың дербес әрекеттерінде де қамтамасыз етіледі.

Білім беру үдерісін құру балалардың жастарына сәйкес түрлеріне негізделеді. Жұмыс түрін педагог мектепке дейінгі ұйымның бағыттарының ерекшелігіне, жабдықталуына (материалдық-техникалық қор), мәдени және аймақтық ерекшеліктерге, педагогикалық үдеріске қатысушылардың тәжірибесіне, педагогтардың шығармашылық әлеуетіне сәйкес өздігінен таңдайды.

Білім беру үдерісікелесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Дене дамуы: көшенді шынықтыру шаралары, танертенгі жаттығу, күннің екінші жартысындағы жаттығулар мен қимылдық ойындар;
2. Әлеуметтік-тұлғалық даму: режимдік сәттерді өткізуде жағдаяттық әңгімелесу, олардың қажеттілігін түсіндіру, тапсырмалар арқылы еңбек дағдыларын дамыту (көзекшілік, өзіне-өзі қызмет етуде дағдылары, ересектерге көмектесу, сабаққа қажетті мүліктер мен құрал-жабдықтарды орналастыру, жинастыру, қимылдық ойындар мен жаттығуларға арналған құрылымдарды құрастыруға балаларды қатыстыру); режимдік сәттерді өткізуде қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру;
3. Танымдық-тұлғаттық даму: тұлғаттық дамытушы ортаны құру (ойындарда, бақылауларда балалармен еркін диалогтар, балалармен жағдаяттық әңгімелер, еңбек қимылдары мен гигиеналық шараларды атау), балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандыру;
4. Көркем-эстетикалық даму: балалардың күнделікті тіршілігінде музыканы қолдану (ойында, қолы бос кезінде, серуенде, бейнелеу әрекетінде); қоршаған ортадағы әртүрлі дыбыстарға, бөлмелерді безендіруге, жабдықтардың тартымдылығына, бөлменің, заттардың, ойыншықтардың әсемдігі мен тазалығына балалардың назарын аудару.

Дұрыс күн тәртібі – бұл балалардың күні бойғы әртүрлі әрекет түрлері мен демалысының тиімді ұзақтығы және жүйелі ауысуы. Күн тәртібін дұрыс құрудың негізгі ұстанымы оның балалардың жас психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі болып табылады.

Режимдік сәттерді жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ баланың жеке ерекшеліктерін (ұйқының ұзақтығы, тағамдарын, іс-әрекеттің қарқыны және т.б.) ескеру қажет. Балабақшаның күн тәртібі баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес жасалған болса, онда ол оған жайлы сезінеді, оның көңіл-күйі мен белсенділігі де жоғары болады.

Білім беру салаларының мазмұнын қиықтыру - тұтас үдеріс аясында білім беру салаларының мазмұнын іске асыруды, -баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және оның әлеуметке үйлесімді енуін қамтамасыз етеді.

Білім беру міндеттері бағдарламалық материалды беруде көшенді тәсілді максатқа бағыттап қолданғанда тиімді шешіледі. Қиықтыру ұстанымына сәйкес, бір саланың білім беру әрекеті барысында басқа білім беру салаларының міндеттерін бір мезгілде шешу қажет. «Денсаулық» білім беру саласының міндеттерін шешкен кезде бір мезгілде «Әлеумет» білім беру саласының дағдылары қалыптасады, «Таным», «Коммуникация» білім беру салаларына қатысты білім мен білік қаланады және т.б.

Әр білім беру саласының мазмұнында балалардың жарты жылдықтар бойынша игеретін негізгі білім, білік және дағдыларының күтілетін нәтижелері анықталған.

Бағдарлама мазмұнын іске асыру баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне, оның жан-жақты үйлесімді дамуына бағытталған педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға заманауи тәсілдерді қолдануды көздейді.

Ойын әрекетін ұйымдастыру

Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалардың қоғамдық өмірінің ерекше түрі, олардың қалауы бойынша біріктіретін, өз бетінше әрекет ететін, өзінің ойларын жүзеге асыратын, әлемді танытын әрекетінің негізгі түрі болып табылады. Ойын әрекеті әрбір баланың физикалық және психологиялық дамуына, адамгершілік-жігерлі қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Ойын – балалардың тіршілік әрекетінің негізгі түрі ретінде қаруға болатын, қайталанатын құбылыс.

Бағдарламада балалардың жастарын ескере отырып, сюжетті-реалдік, дидактикалық, қимылды ойындар, драмалық ойындар, өз бетінше ойындар, сондай-ақ заттарды алмастыратын ойыншықтармен және ойын қимылдарымен барлық ойын түрлерін дамыту мен қолдану әдістері анықталған. Барлық ойын түрлері танымдық, шығармашылық әрекетті және балалардың әлеуметтенуін ұйымдастыруда кеңінен қолданылады.

Еңбек әрекетін ұйымдастыру

Еңбек әрекеті - мектепке дейінгі тәрбиенің құрамдас бөлігі, еңбек дағдыларын қалыптастырудың негізі, тұлға аралық қарым-қатынас мәдениетін дамытудың маңызды құралы болып табылады. Бағдарламада балалардың жас мүмкіндіктерін ескеріп, еңбексүйгіштікті, ересектердің еңбегіне қызығушылықты дамыту, еңбек етуге ынталандыру, табиғат бұрышындағы

жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасаудың қаранайым еңбек әрекеттерін дағдыларына тәрбиелеу міндеттерін қойылған.

Балаларды еңбектің қоғамдық бағытының рөлімен, оның әлеуметтік маңыздылығымен таныстыруға, еңбек адамдарына сыйластық қарым-қатынас қалыптастыруға, қоршаған ортадағы заттар адамның қолымен жасалғанын сезінуге және оларға ұқыптылықпен қарауға басымдық берілген.

Күтілетін нәтижелер жас ерекшелік кезеңдеріне сәйкес, аталған жастың балаларының тиімділік әрекетінде қолданылатын, нәтижесінде білім, білік, дағдыларының деңгейлері анықталатын білім беру салалары мазмұнын менгеруді қарастырады.

Ата-аналармен жұмыстарды ұйымдастыру

Бала үшін отбасы- бұл қоғамдық тәжірибенің қайнар көзі. Отбасында ол үлкендерге әліктідей, мұнда оның әлеуметтік болмысы қалыптасады. Егер біз ден сау ұрпақ өсіргіміз келсе, онда бұл мәселені «бүкіл әлеммен» балабақша, отбасы, қоғам болып шешуіміз керек.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің басты мақсаты- балаларды тәрбиелеуде отбасына кәсіби тұрғыдан көмек көрсету, оны ауыстырмай, толықтырып және оның тәрбиелік қызметін толықтай іске асыруды қамтамасыз ету.

Жоғарыда аталған отбасылық қарым-қатынастарды іске асыруды қамтамасыз ету үшін келесі тәрбиелік міндеттерді орындау бойынша жұмыс жүргізілуі қажет.

- балалар мен ата-аналарға сыйластықты тәрбиелеу;

-отбасылық шағын ортаны зерделеу үшін ата-аналармен өзара әрекеттестік ;
-отбасының жалпы мәдениетін және ата-аналардың психологиялық құзыреттілігін арттыру;

-балалармен тәжірибелік жұмыстың биіктігі мен дағдыларын қалыптастыру және теориялық білімдердің негізі арқылы ата-аналарға тәжірибелік және теориялық көмек көрсету

-отбасын жеке- саралау тәсілі арқылы ата-аналармен ынтымақтастық және бірлескен шығармашылық түрлерін қолдау.

Ата-аналармен жұмыс келесі кезеңдерді ұстана отырып, құрылуы тиіс:

-ата-аналармен жұмыстың мазмұнын және түрлерін ойластыру, олардың қажеттіліктерін зерделеу мақсатында жедел-сауалнама жүргізу, алынған мәліметтерді әрі қарай жұмыста қолдану,

-тәрбиешілер мен ата-аналар арасында келешекте іскерлік ынтымақтастықты қалыптастыруда мейірімділік қарым-қатынасты орнату, ата-аналарды олармен өткізілетін жұмысқа қызықтыру, оларда балалардың жағымды бейнесін қалыптастыру;

-ата-аналарда өз баласының негүрлым толық бейнесін қалыптастыру және олар үшін күтпеген және қызықты болып табылатын, отбасында алуға мүмкін емес білімдерді, ақпараттарды хабарлама арқылы дұрыс қабылдау. Бұл баланың құрдастарымен қарым-қатынас ерекшеліктері, оның еңбекке

қатынасы, онымен іс-әрекет түрлеріндегі жетістіктері туралы ақпарат беру мүмкін,

-бала тәрбиесіндегі отбасы мәселелерімен танысу кезеңінде тәрбиешілер ата-аналармен белсенді диалог жүргізеді, мұнда баланың жағымсыз мінез-құлықтары, қорқынышы, қиындықтары туралы айтылады,

-ересектермен бірлескен зерттеу және баланың тұлғасын қалыптастыру кезеңінде жұмыстың нақты мазмұны жоспарланады және ынтымақтастықтың түрлері таңдалады.

Қазіргі уақытта барлық жас топтарында ата-аналарды педагогикалық ағартудың әртүрлі әдістері мен түрлері қолданылады.

- көрнекі насихаттау,
- on-lain бақылаулар,
- отбасына бару,
- консультациялық пункттер,
- ата-аналар жиналысы,
- әңгімелесулер мен кеңестер,
- ата-аналар конференциясы,
- ауызша журналдар,
- сауалнама,
- ашық есік күндері,
- дөңгелек үстелдер,
- бірлескен сауық-кештер,
- іскерлік ойындарды ұйымдастыру және т.б.

Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен жұмыс тәсілдері артуан бейнесі сөз, тәрбиелік жұмысты көрсету. Ата-аналармен жұмыстың барлық түрлері ұжымдық, жеке және көрнекі-ақпараттық болып бөлінеді.

Ата-аналармен жұмыстың ұжымдық түрлері- ата-аналар жиналысы, шағын-жиналыстар, педагогикалық консилиумдар, ата-аналар конференциясы, тренингтер, сұрақ - жауап кешпайстары, «Ата-аналар университеті».

Отбасы мен балабақшаның өзара әрекеттестігінің маңызды формасының бірі әр ата-анамен жеке жұмыс болып табылады- бұл тәрбиешінің ата-аналармен әңгімелесуі, отбасына бару, кеңестер, жеке блокноттар. Мұндай жұмыстың тиімділігі отбасының ерекшелігін зерделеу, ата-аналармен әңгімелесу, ата-аналардың балаларымен топтағы және үйдегі қарым-қатынасын бақылау, тәрбиешілердің баламен бірлескен өзара әрекеттің нақты жолдарын көрсетуі болып табылады.

Тәрбиешінің ата-аналармен өзара әрекетінің маңызды рөлін көрнекі насихаттау алады- бұл ата-аналарға арналған бұрыштар, көрмелер, ақпараттық пирамидалар, on-lain бақылаулар, ата-аналарға арналған жаднамалар, ақпараттық жылжымалы-папкалар.

Көрнекі құралдарды мақсатты және жүйелі қолдану ата-аналарды балабақшадағы тәрбие әдістерімен, мазмұнымен, міндеттерімен таныстыруда,

баланы тәрбиелеу мен оқытуда отбасына практикалық көмек көрсетуге ықпал етеді.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫБЫ (ТОБЫ)

(6 жастан 7 жасқа дейін)

6 жастан 7 жасқа дейінгі балаларға сипаттама

7 жасқа қарай бала ағзасы белсенді түрде дамып, жетіледі. Ми саласы ересектердікі тәрізді қалыптасқан Қозғалыс саласы жақсы дамыған Сүйектену процесі жалғасады, бірақ омыртқаның иілуге әлі де болса тұрақты емес. Ірі және әсіресе ұсақ бұлшық еттердің дамуы жүреді. Саусақ бұлшық еттерінің үйлесімділік қарқынды дамиды. Баланың жалпы денесінің дамуы оның ұсақ моторикасының дамуымен тығыз байланысты. Қолдардың саусақтарын жаттықтыру баланың интеллектісін арттыру, сөйлеуін дамыту және жазуға дайындаудың құралы болып табылады. Баланың дене салмағы айына 200 граммға, бойы 0,5 см-ге өседі, дене үйлесімділігі өзгереді. 7 жастағы балалардың бойы орташа 113-122 см, дене салмағы 21-25 кг жетеді.

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту мазмұны

Мектепалды даярлық білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді, 6-7 жастағы балалардың интеллектуалдық және дене дамуына жағдай жасайды.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеті - балалардың мектепке оқуға ынтасын және оған эмоционалдық дайындығын қалыптастыру. Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасы баланың мектепте білім алу даярлығын (әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып, баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуга деген құштарлығының дамуына ықпал етеді.

Аталған жастағы балалар мектепке оқуға қызығушылық таныта бастайды. Мектепке қызығушылық ересектермен қарым-қатынас, мұғаліммен кездесулер, оқушылармен бірлескен іс-әрекеттер, мектепке бару, мектеп тақырыбына мазмұнды-рөлдік ойындар ойнау арқылы дамиды. Ең бастысы - балалардың дамуы қызығушылығын жаңа әлеуметтік көзқарасымен («оқушы болғым келеді»), өз жетістіктерінің өсуін сезінумен, жаңаны меңгерумен және танымын қажеттілігімен байланыстыру. Педагог балалардың зейіні мен есін дамытуға ұмтылады, қарапайым өзін-өзі бақылауды, өз әрекеттерін реттеу қабілетін қалыптастырады. Бұған балалардан бірнеше белгілері бойынша нысандарды салыстыруды талап ететін алуан түрлі ойындар, китептерді

іздістіру, есте сақтау, жалпы ережеге қолдану, іс-әрекеттерін шартымен орындау көмектеседі.

6 жастағы балалардың өзіндік сана-сезімінің маңызды көрсеткіші ішкі және басқаларды бағалауы болып табылады. Өзіншөй болып бейнесі туралы оң көзқарасы балаға өзіншегібір көмшіліктеріне сын көзбен қарауға және ересектердің көмегімен оларды ескеруге мүмкіндік береді. Өзіншөй «Менің» оң қабылдау іс-әрекеттің жетістігіне, достар таба білу қабілеттілігіне, олардың өзара әрекет жағдайларындағы оң қасиеттерін көре білуге ықпал етеді. Өзіншөй мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін білу айналасындағы адамдардың құндылығын түсінуге көмектеседі.

6-7 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту олардың дене, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуын, денсаулығын нығайтуға және білім, білдіктері мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы «Орта білім беру ұйымдарында 2016-2017 оқу жылының басталуы туралы» №401 бұйрығына сәйкес.

Оқу жылының ұзақтығы мектепалды даярлық сыныптарында - 32 оқу аптасын құрайды.

Оқу жылы барысындағы каникулдар

- 1) мектепалды даярлық сыныптарында күзгі каникул - 7 күн (2016 жылғы 31 қазан - 6 қарашаны қоса алғанда), қысқы - 14 күн (2016 жылғы 26 желтоқсан - 2017 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі - 15 күн (2017 жылғы 21 наурыз - 4 сәуірді қоса алғанда);
- 2) мектепалды даярлық сыныптары мен 1-сыныптарда 7 күн мерзімде 2017 жылғы 1-7 ақпанды қоса алғанда) қосымша каникул белгіленеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарда оқу жүктемесі - 24 сағатты құрайды, оның ішінде 20 сағат ұйымдастырылған оқу қызметіне, 4 сағат-вариативтік компонентке беріледі. Мектепалды сыныптарда ұйымдастырылған оқу қызметінің саны-төрттен артық емес ұзақтығы 25-30 минут. Олардың арасындағы үлгістердің ұзақтығы 10-12 минут болуы тиіс, олардың барысында орташа қарқынды қимылды ойындар ұйымдастырылады.

Осы жастағы балаларға арналған педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері білім беру салаларын қиырту, заттық-көнедістік дамытушы ортамен қамтамасыз ету, қарым-қатынас арқылы білім беру үдерісін интерактивті құру, зерттеу қызметі, ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастық, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы жүзеге асырылады.

«Денсаулық» білім беру саласы

«Денсаулық» білім беру саласының мазмұны белсенді қимыл-әрекеттің дағдыларын, дене сапаларын әділдігімен жетілдіру қажеттіліктерін, балаларды салауатты өмір салтының негіздеріне баулу, дамытастыру және дамытуға бағытталған.

Қимыл белсенділігін арттыру денсаулықты нығайтудың пәрменді құралының бірі ретінде қарастырылып, дене дайындығын жақсартады, қимыл тәжірибесін байытады, шығармашылық және танымдық әлеуетін арттырады.

Педагог басшылық етудің мынадай тәсілдерін қолдануды жағастырады көрсету, түсіндіру, көтермелеу, жетекші сұрақтар, балалардың ендерін де жаттығуларды көрсетуге баулиды. Дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда балаларды еріктіқсәпаларын танытуға ынталандырады.

Балалармен бірге жаттығуларды және ойындарды орындауда педагогтың жеке үлгісі маңызды болып табылады. Педагогтың өз түрлі қимылдарды білуі және орындауы, шағымымен жүре білуі, қонықмен сырғанау білуі, жүзе алуы, түрлі спорттық жаттығулардың түрлерін үйретудің қажетті тәсілдерін жақсы білуі тиіс.

Бұл кезде сыныптың жалпы жағдайы, әр баланың жеке ерекшелігі ескерілуі тиіс.

Балалардың қимыл белсенділігінің алуан түрлерін жүргізу үшін, тиісті санитарлық-гигиеналық жағдайлардың болуы, қыста- жақсы желдетілген бөлмеде, жазда-терезелері ашық бөлмеде немесе далада отызылгені дұрыс. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес «Дене шынықтыру» бойынша апталық жүктеме - 2,5 сағатты құрайды, ұзақтығы - 25-30 минут.

Балалар ұйымдастырылған оқу қызметі барысында дене шынықтыруға арналған қимыл болулары тиіс. Педагог ұйымдастырылған оқу қызметінің алдында ірі және ұсақ дене шынықтыру жабдықтарын дайындайды және оны белгіленген жерге орналастырады. Педагогтың нұсқауымен балалар өздері заттарды алады, жаттығуларды орындап болғаннан кейін оларды орнына қояды.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі және қорытынды. Бірінші бөлімнің мақсаты- ағзаны негізгі бөлімдегі тапсырмаларды орындауға дайындау. Балаларға жүрудің және жүгірудің, сапқа тұру мен қайта сапқа тұрудың түрлері, күрделі емес ойын жаттығулары ұсынылады.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің екінші бөлімі (негізгі) жалпы дамытушы жаттығуларды, негізгі қимыл түрлерін және қимылды ойындарды қамтиды. Жалпы дамытушы жаттығулардың түрлі бастапқы қалыптарту түршіп, отырып, тізерлеп тұрып, шалқасынан және етбетінен жату қолданылады, жаттығулар реттіліктен орындалады: алдымен қолға және иық белдеуіне арналған, содан соң денеге және аяқтарға арналған жаттығулар, бірқалыпты жүруге ауысатын секірумен немесе жүгірумен аяқталады. Баланың бүлшек етіне салмақ түсіретін, нақты орындалатын жаттығуларды заттармен (гимнастикалық тапшалармен, құрсаулармен және т.б.) орындау. Қайталануы - 8-10 рет. Балаларды негізгі қимылдармен таныстырғанда олардың меңгеруі тиіс 1 жаңа және бекітуге 3-4 элемент тиісін алынуы тиіс. Балалар тұрақты қимыл дағдыларын меңгергеннен кейін жаттығулардың жарыстық түрі қолданылады. Балаларды командада жұмыс істеуге, команда бойынша достарға көмектесу мен қолдау көрсетуге үйрету керек.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің қорытынды бөлімі көлемі бойынша шағын, онда қимыл белсенділігін біртіндеп төмендетуге мққал ететін аз қарқынды ойындар мен ойын жаттығулары өткізіледі, тыныс алуды қалпына келтіретін жаттығулар, күрделі емес ойын тапсырмалары қолданылады. Балаларды өз әрекеттерін дербес талдауға, оларды сыпаттауға, сұрақтарға жауап беруге, жіберген қателіктерін байқап, түзетуге үйрету керек.

«Денсаулық» білім беру саласы «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» ұйымдастырылған оқу қызметінің қамтиды. Апталық жүктемесі 0,5 сағатты құрайды.

Алға қойылған міндеттерді іске асырудың тиімділігі көбінесе заттық-дамытушы ортаның мазмұнына байланысты болады, ол «Қимылдар» мәкетін, «Жол жүру ережелері» тақырыбы бойынша картиналар сериясын, белгілер- апат кезіндегі қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету түріндегі бағдарларды (сурет, сызба, түс, графика), апаттық қызмет телефондарының нөмірін және т.б. қамтиды.

Келесі ұйымдастыру түрлерін қолдау ұсынылады: әңгімелесулер, дидактикалық және мазмұнды-реалдік ойындар, ойын тренингтері, экскурсиялар және т.б.

Алынған әлеуметтік қауіпсіздік дағдылары, экологиялық сана-сезімі, өз денсаулығының маңыздылығын түсінуі балалардың өмірге бейімделуіне көмектеседі.

Бағдарлама балалардың жеке, жас ерекшеліктерін және өнерлік айырмашылықты ескере отырып, оқудың адістері мен алуан түрлерін қолдау қуқығын береді.

Қимыл белсенділігін арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Денсаулық және спорт күні, дене тәрбиесі мерекелері мен сауық-кештері, жау серуен-қимылды және спорттық ойындар, шаңғы тебу, шамамен сырғанау, қонық тебу және т.б. Педагог осы шараларды дайындап, өткізуде балалардың белсенділігін танытуына жағдай жасайды. Мектепалды дарылық сыныптарында айына 1 рет, ұзақтығы 40 минутты құрайтын дене шынықтыру сауық-кештерін өткізу ұсынылады. Мазмұнына балаларға таным жаттығулар, эстафета ойындары, ермек ойындары, аттракциондар енгізіледі. Дене шынықтыру мерекелері жылына 2 рет қыста және жазда өткізіледі, ұзақтығы 1 сағат. Мерекелерде балалар өздерінің дене дамуындағы жетістіктерін көрсетеді.

«Коммуникация» білім беру саласы

«Коммуникация» білім беру саласының мазмұны қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасау және өзара іс-әрекет ету білігін қалыптастыруға, қарым-қатынас жағдайтарын ажыратуға, өзінің мінез-құлқын тәрбиелеуге бағытталған.

Педагог ұжымда балаларымен бірінші сөзін бірі бөлмеуге, әдепті түрде қарсылық көрсетуге, дауласпауға, құрдастарын тыңдай білу білігін, олардың бір-бірімен сыйлағы қарым-қатынас жасау дағдысын тәрбиелей отырып, қарым-қатынас мәдениеті мен өзара қарым-қатынасқа өрнекті мен биіктік

Педагог балаларда үлкендермен қарым-қатынас жасауда әдептілікпен сыйластық көрсету білгін қалыптастырады, оған назар аударады. Педагогқа балалар қылықтарының себептерін түсіну және оларды дұрыс бағалау маңызды. Педагогтың ықпалымен сол немесе басқа жағдайларда балалардың өз бетінше шешім қабылдау қабілеті дамиды. Оқу материалының мазмұрын игеру сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға коммуникативтік міндеттерді шешу мен қажетті ақпараттарды өңдеу, алу, сұрыптау үшін күнделікті өмірде сөйлеу дағдыларын қолдану мақсатында сөйлеу қызметінің түрлері ретінде, тыңдау және айтылым ықпал етеді.

«Драма» ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұны артикуляцияны, коммуникативтік-тілдік дағдыларды игеру мен қозғалыстарды үйлестіруді қамтиды.

Ересек мектепке дейінгі жаста театрландырылған-ойын тәжірибелерін тереңдету драматизация-ойындары мен режиссерлық театрландырылған ойындардың әр түрлерін игеру есебінен жүзеге асады. Драматизация-ойындары тәжірибесін тереңдету, ойын мазмұнын тандауда балалар өз бетінше белсенділік танытады, тандауға шығармашылықпен қарайды. Оларды негізгі екі топқа бөледі драматизация және режиссерлік (олардың әрқайсысы, өз кезегінде бірнеше түрге бөлінеді).

Драматизация ойындарында бала «әртіс» ретінде рөлді орындай отырып, өздігінен вербалды және вербалды емес мәнерлік құралдары кешені көмекпен өздігінен бейне жасайды. Драматизация түрлері адамдар, әдеби кейіпкерлер, жануарлар бейнесіне еліктеу ойындары- болып табылады, мәтін негізінде рөлді сұхбат, шығармалар қойылымдары, бір немесе бірнеше шығармалар бойынша спектакль қойылымдары, алдын-ала дайындықсыз (немесе бірнеше мәтіндегі) мәтінді ойнау ойын-импровизациялары.

Режиссерлік ойындарда «әртіс» ойыншықтар немесе оларамаластырылушылар болып табылады, ал бала іс-әрекетті «сценарий жазушы және режиссер» ретінде ұйымдастырады, «әртістерді» басқарады. Кейіпкерлерді «дыбыстай» және мәтінге түсініктеме бере отырып, ол әр түрлі вербалды мәнерлік құралдарын қолданады. Режиссерлік ойындардың түрлері балабақшада қолданылатын түрлі театрларға сәйкес анықталады: үстел үсті, жазықтық және көлемді, қуыршақ (бибао, саусақ, марионеткалар) және т.б.

Ересек мектеп жасына дейінгілердің біркатары бейнелік-ойын этюдтарымен, ойын-импровизацияларымен, ертегі қойылымдарымен соның ішінде әдеби шығармалардың бірнеше түрінен «коллаж» негізінде өздігінен спектакль көрсетуге қол жеткізе алады. Режиссерлік ойындардың тәжірибесі марионеткалар, «тірі қолмен» қуыршақтар, таяқ қуыршақтар есебінен байыталады.

Қойылымдар үшін мәтіндер күрделенеді. Оларды терең рухани адамгершілік мазмұнымен және жабық сөз астарымен, соның ішінде азай-сымқалған ажыратады. 6 жасан асқан балалардың ойынының айқын ерекшелігі олардың біртіндеп сөйлеу жоспарына ауысуы болып табылады. Бұл мазмұнды

ойындардың әр түрлерін, соның ішінде қиял-ойындарын біріктірумен түсіндіріледі. Ол театрландырылған ойындардың негізі және маңызды білгі болып табылады, онда шынайы, әдеби және қиялдағы жоспарлар бір-бірі толықтырады.

«Таным» білім беру саласы

«Таным» білім беру саласының мазмұны танымдық-зерттеу іс-әрекеті үшін жағдай жасауға бағытталған. Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалу кезінде сенсорлық тәжірибені жинақтауға байланысты, алдын-ала жинақталған зор маңызы бар қоршаған орта нысандарының түрлі ерекшеліктерімен танысу жаттығулары, зейін, есте сақтауды дамыту ойындары, көркем әдебиетті оқу, әңгімелесу, серуенде бақылау жүргізу, Балалар іс-әрекетінің әр түрлері сәйкес келгенде балалардың барлық қабылдау жүйесі қосылады: көру, есту, қозғалыс, өнімді нәтиже саласын арттыруға ықпал етеді (суреттер, қолдан жасалған заттар).

Ұйымдастырылған оқу қызметінің нәтиже отырып, оның жекелеген бөліктерін органикалық байланыстыру маңызды, ақыл-ойға түсетін салмақты дұрыс бөлуді қамтамасыз ету, сабақтың түрлерін ауыстыру. Дәстүрлі сабақ құрылымдарының нұсқалары:

1. Балаларды жаңа тақырыпқа енгізу мақсатында қайталау - 2-4 мин
2. Жаңа материалды қарастыру - 15-18 мин
3. Игерілген материалды қайталау - 4-7 мин.

Кіріктірілген ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы дәстүрлі ұйымдастырылған оқу қызметінен ерекшеленеді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің көлемі шағын, бірақ, нақты зат немесе құбылыс оның түрлі аспектілерімен қарастырылғанда, мағынасы кең болу керек. Оқу үдерісіндегі осындай ұйымдастырылған оқу қызметінде түрлі әдістер мен тәсілдер, оның ішінде:

-салыстырмалы талдау, салыстыру, іздеу, эвристикалық әрекет, -балаға жауап табуға көмектесетін, педагогтармен бірігіп «жаналық ашуға» ынта таныту, мәселелік сұрақтар; -мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін дамыту, сөздік қорды байыту үшін түрлі сөйлеу дидактикалық ойындары қолданылады. «Жаратылыстану» ҰОҚ игеру барысында бақылау, саяхат, серуендеу уақытында педагог балалардың дүниетанымын кеңейтіп қана қоймайды, ең бастысы оларға табиғаттың маусымдық кезеңіндегі белгілі бір заңдылықтарды сезінуге көмектеседі. Мысалы, «ауа -райы жылы болғанда, қар жабысқақ болады; аязда қар қатты және сықылдақ болады; жылы ауа-райында шатырда сүңгі пайда болады, ұлпа қар жауады» және т.б.

Балаларды үй және жабайы жануарлармен таныстыру кезінде оларды мекендеу ортасы, тигізетін пайдасы бойынша салыстыруға және жіктеуге тапсырма беруге болады. Балалар жануарлардың тіршілігі табиғаттағы маусымдық өзгерістерге байланыстылығын білу керек. Балаларды тұқымды топыраққа себу мен отырғызуға дайындықта тартып, өсімдіктердің өсуі оның өсіп отырған жағдайына байланыстылығын түсіндіру керек. Сондықтанда

балаларды тәрбиелеу мен оқытудың негізгі міндеттердің бірі экологиялық мәдениет пен табиғатты қорғау түсінігін қалыптастыру болып табылады.

«Шығармашылық» білім беру саласы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін, ойлауы мен қиялын қалыптастыруға, эмоционалдық-сезімдік аясын және эстетикалық талғамын дамытуға, өзінің ішкі жан-дүниесін көркем түрде жеткізе білуге, ойын және музыкалық-көркем әрекет арқылы өнер әлеміне баулуға жағдай жасауға бағытталған.

Осы жастағы балалардың бейнелеу өнерінің түрлі жанрларын бағдарлай білуі, мәнерлік құралдарын түсінуі, шығарманың мазмұнын қабылдай білуі тиіс. Педагог балалардың картина бойынша әңгімелеп беру, халықтық сәндік-қолданбалы өнер шығармаларын, кітаптағы суреттерді, мүсінді қарастыру, дербес жұмысқа берілген уақытын реттеуі керек. Бір ұйымдастырылған оқу қызметінде бейнелеу өнерінің 1 түрін беру ұсынылады. Көрсететін материал балалардың көз деңгейіне сай орыналастырылады, жарық балалардың сол жағынан түсуі тиіс. Қарастырылатын шығарма арасындағы арақашықтық 1,5 м, 4,5 метрден аспақ болмауы тиіс. Балалармен жұмысты қарастыру ұзақтығы 1 минуттан артық болмау керек.

Өнімді іс-әрекет түрлерін күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауда келесі байланысты ескеру ұсынылады: заттық-12, затқа қарап салу- 5, мазмұнды- 10, сәндік- 10.

Музыкалық іс-әрекеттің жетекші түрі-ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлімі, әдістемелік тәсіл және дербес іс-әрекет түріндегі тыңдау, қабылдау болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың интонациялық-есту тәжірибесін қалыптастырудың тиімді тәсілдері:

- түрлі сезімдер мен көңіл-күйді жеткізетін музыкалық шығармаларды, бір жанрдағы қарама-қарсы шығармаларды салыстыру;
- «түс- көңіл-күй» карточкаларын қолдану;
- әуендерді табу;
- екі нұсқадағы орындауды салыстыру: жеке және оркестрдің орындауындағы және т.б.

Барлық көрсетілген тәсілдер бір-бірімен үйлестіріліп, өзгертілуі мүмкін. Бағдарламаға атакты қазақ композиторларының әндері енгізілген. Кіріктіру педагогқа балалардың туған жер, Қазақстан, республикада тұратын адамдар туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Музыка жетекшісінің ата-аналармен тығыз байланысы өте маңызды. Осы мақсатпен «Музыкалық этносандық» құруға кеңес беруге болады. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында отбасындағы ұлттық салт-дәстүрлерді жаңадандыруға ата-аналарды жұмылдыру.

«Әлеумет» білім беру саласы әлеуметтік ортаға бейімделе білуді қалыптастыруға, кез-келген ортада өркін өзара әрекет жасауға, Отанды сүйуге, адамгершілік-рухани білім берудің бастапқы негіздерін дамытуға бағытталған.

Балаларды қарапайым жалпы қабылданған үлгілерді, құрдастарымен және ата-аналарымен өзара қарым-қатынас ережелерін орындауда міндеттерді іске асыру алуан түрлі іс-әрекет түрлерінде жүзеге асырылады: ұйымдастырылған оқу қызметінде, режимдік сәттерде, жеке жұмыста, мерекелерге дайындыққа қатысуға, мазмұнды-рөлді ойындарда және т.б. Бала ойнал жүріп, тәжірибе жасайды, себеп-салдарлық байланыстарды және тәуелділікті орнатуға талпынады.

Жаңа үлгілер мен мінез-құлық ережелерін меңгерудегі қиындықтар жөніс өзін-өзі шектеуді және шамадан тыс өзін-өзі бақылауды туғызуы мүмкін.

6-7 жастағы балаларда «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген патриоттық негізді қалыптастыру мемлекеттік және ұлттық мерекелер арқылы халықтық салт-дәстүрлерді құрметтеуге баулиды.

Жұмысты ұйымдастыру түрлері: оқып беру, бақылау, әңгімелесу, педагогикалық жағдаяттарды шешу, жобалық іс-әрекет, балалармен жағдаяттық әңгімелесулер және т.б.

Білім беру саласында басты назар табиғатқа қатынасты және табиғаттағы адамның рөлін қалыптастыруға аударылады. Балаларды «Экология негіздерімен» таныстырғанда заттар мен құбылыстар туралы білім беріп қана қоймай, табиғатқа қамқорлық қатынас дағдыларын, жер бетіндегі барлық тірі ағзалар бір-бірімен байланысты екенін сезінуді қалыптастыру керек. Балалар табиғаттағы байланыстар мен тәуелділіктерді орната отырып, талдауға, салыстыруға, өздері білетін ақпараттарды жалпылауға үйренеді.

Балалар өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады, педагог жойылу қаупі төнген өсімдіктер мен жануарларды атайды және сол себепті олардың «Қызыл кітапқа» енгізілгенін әңгімелеп береді. Қызыл түс- әлемдегі барлық адамдарға түсінікті тыйым салу белгісі. Балаларға ата-аналарымен бірлесіп, өз өңірінің Қызыл кітабын құрастыруды ұсынуға болады.

Іске асырылуындағы жүргізілетін жұмыс түрлері: ұйымдастырылған оқу қызметі, әңгімелесулер, заттық-көністіктік ортаны жабдықтау, ата-аналармен жұмыс, ойын технологиялары.

Экологиялық мәдениет үлгілерін бекіту үшін балаларды ауланы жинастыруға, оны көркейтуге, ағаштар мен бұталар отырғызуға, құстарды қоректендіруге баулу керек. Осы мақсатта келесі әдістемелік тәсілдер кенінен қолданылады: бейнефильмдер қарау, экологиялық және дидактикалық ойындар, жұмбақтар, байқаулар, аукциондар, экологиялық викториналар, экологиялық мерекелер, өлеңдер мен әндер, мақал-мәтелдер жаттау және т.б.

Мектепке дейінгі жас ұзақсыз экологиялық білім беру жүйесінің алғашқы буыны болып табылады.

Нұсқаулықта мазмұны мен құрылымы бойынша сабақтастық сақталған жәнебалаларға тек қана ұйымдастырылған оқу қызметі барысында емес, сондай-ақ күнделікті өмірде күні бойы педагогикалық әсер студия манызы ескеріліп, мектепте оқуына қажетті құзыреттілік жүйесін қалыптастыруға негіз болады.

КОРЫТЫНДЫ

Заманауи мектепке дейінгі білім беру өзінің дамуындағы жаңа кезеңнің қарсаңында тұр. 2016-2017 оқу жылында «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» 3 негізгі білім беру бағдарламаларын республиканың 77 мектепке дейінгі ұйымдарының базасында апробациядан өткен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы алмастырады. Бағдарламаның ерекшелігі қолайлы әлеуметтендіруге және балалардың қажетті дағдыларды игеруіне ықпал ететін, мектеп жасына дейінгі балалардың кешенді дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Әдістемелік нұсқаулық Бағдарламаның құрамдас бөлігі болып табылады.

Әдістемелік нұсқаулықтағы негізгі мәселе Бағдарламаға жаңа құрылымның енгізілуі: ерте жас тобында, I, Кіші және ортаңғы топтарда «Денсаулық» білім беру саласында «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметінің оқу жүктемесі 3 сағатқа дейін арттырылды, ересек топта «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» 0,5-ке қысқаруының есебінен, «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметі 2,5 сағатқа артты; ортаңғы топтан бастап «Коммуникация» білім беру саласына «Драма» ұйымдастырылған оқу қызметі енгізілді; «Таным» білім беру саласына «Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу қызметі енгізілді.

Педагогтарға тақырыптар аясындағы сұрақтарды зерделеу ретін өзгертуге, сондай-ақ резервтік уақытты өзінің шешімі бойынша қолдану құқығы беріледі.

Бүгінгі күннің талаптарына сәйкес педагог баланың дамуын анықтау әдістерін меңгеруі, бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес бағытталған, нәтижеге мақсатталған түзету жұмысын құра білуі тиіс. Әдістемелік нұсқаулық мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне инновациялық әдістер мен технологияларды енгізуді ескеріп, өзіндік

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (27.07.2007ж. №319-III)
2. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (13 мамыр 2016 жыл №292 ҚРҰҚ).
3. «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы 11 қараша 2014 жыл.
4. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Елбасының Жолдауын іске асыру бойынша жалпы ұлттық іс-шаралар жоспары 14 желтоқсан 2012 жыл.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1 наурыз 2016 жыл № 205, Астана қ. Ақорда
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. ҚР БҒМ бұйрығы №2016ж.



Джумаева Асель Турганбаевна

Илюбаева Бақыт Бисенбаевна

**Мектепке дейінгі ұйымда оқытудың әдістемесі
(Әдістемелік құрал)**



**Әдістемелік құрал автор ұсынған материалдар негізінде «Самғау»
Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының баспа бөлімінде
дайындалып, жүйеге келтірілді.**

**Методическая разработка подготовлена и систематизирована на основе
материалов автора в редакционном отделе Республиканского научно-
методического центра «Самғау»**

Байланыс телефондары:

8 7132 924887

8 705 397 4892

8 747 634 0887

e-mail: zsamgau@list.ru

Instagram: [@samgaunews](#), [@samgauzhurnal2020](#)